



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

28.10.2022 № 2-01-22-95146

28.09.2022ж. №ДС-268

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Ж.С. Әшімжановқа
Ж.Д. Сүлейменоваға

Құрметті Жанарбек Садықұлы, Жұлдыз Досбергенқызы!

Бас прокуратура әлеуметтік желілерде көрінеу жалған ақпарат тарату фактілеріне қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

Ақпараттық кеңістіктің мониторингін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүзеге асыратынына және жарияланымдарда қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының белгілері анықталған жағдайда оларды тергеулігі бойынша Ішкі істер министрлігіне жіберетінін атап өтеміз.

Ағымдағы жылдың 9 айында көрсетілген фактілер бойынша ішкі істер органдары ҚК-нің 274-бабымен 100 сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеген.

Оның ішінде 7 іс сотқа жіберіліп, 46 іс тоқтатылды (қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты), 28 қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп - тексеру мерзімдері үзілген (қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмаған - 20 іс, күдікті, айыпталушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болуына орай - 2 іс, сараптамаға байланысты - 6 іс), 19 іс тергелуде.

Осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде Бас прокуратура «Прокуратура туралы» Заңның 31-бабы тәртібінде ағымдағы жылы БАҚ-та екі рет үндеу жасады, онда ұлттық алауыздықты қоздыруға, сепаратизмді насихаттауға және жалған хабарламаларды таратуға бағытталған құқық бұзушылықтар үшін заңда белгіленген жауапкершілік туралы ескертілді.

07.10.2022ж. Бас Прокурордың бірінші орынбасары ведомствоаралық кеңес өткізді, онда қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, оның ішінде жоғарыда көрсетілген санаттағы қылмыстардың (ҚК-нің 274-бабы) профилактикасы және алдын алу жөніндегі жұмыстардың жай-күйі мәселелері талқыланды.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және бақылауда.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Б.Асыллов

орын. А. Өтепберген
тел: 30-17-32